20875110212

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 ақпан №5165-24-00-2/202 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының білім басқармасының "Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Аширбеков М.А.» Аширбеков Мадияр Алтайбекович.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының білім басқармасының "Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Аширбеков М.А.» Аширбеков Мадияр Алтайбекович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Аширбеков М.А.» Аширбеков Мадияр Алтайбековичтен талап қоюшы Түркістан облысының білім басқармасының "Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 4 032 (төрт мың отыз екі) тенге тұрақсыздық пен 121 (бір жүз жиырма бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Аширбеков М.А.» Аширбеков Мадияр Алтайбековичтен мемлекеттің пайдасына 1 846 теңге (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 19.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Рүстем Б. М., 05.04.2024
5165-24-3-1/121

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 19.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Рүстем Б. М., 05.04.2024

5165-24-3-1/121